

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

өзіндік тиімділікті нығайтуға, яғни өз іс-әрекетіне деген сезімін арттыруға мүмкіндік береді. өзіндік құзыреттілік, өзіне деген сенімділік, өз өмірін басқару қабілетін сақтау және жетілдіру; оң көзқарастағы «Мен тұжырымдамасын» сақтау; және қарттықта белсенділік пен өмірге қанағаттануды сақтау.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. *Ананьев Б.Г.* Человек как предмет познания. -Л.: Изд-во Ленинградского ун-та, 1968.
2. *Хазова С.А.* Ментальные ресурсы субъекта: феноменология и динамика. -Кострома: КГУ им. Н.А. Некрасова, 2014.
3. *Холодная М.А.* Психология интеллекта: Парадоксы исследования. -СПб.: Питер, 2002.
4. *Петрова Е.А.* История семьи как межпоколенный ресурс совладающего поведения и средства его получения // Вестн. КГУ им. Н.А. Некрасова. Серия «Педагогика. Психология. Социальная работа. Ювенология. Социокинетика». 2008. -Т.14. -№ 2.
5. Холодная М.А. Психология понятийного мышления: От концептуальных структур к понятийным способностям. – М.: Изд-во «Институт психологии РАН. 2012.
6. *Василюк Ф.Е.* Жизненный мир и кризис: типологический анализ критических ситуаций / Ф.Е. Василюк // Психологический журнал. – 1995. – Т. 16. – №3

УДК 159.942.31

ӘЙЕЛДЕРДЕГІ ҰЯТ ЭМОЦИЯСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тұрсынхан Динара Сейілханқызы

dinara.tursynkhan@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ "Психология" кафедрасы «Дағдарыс психологиясы»
мамандығының 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Б.Б. Шаймерденовна

Аннотация. Ұят - бұл өзін-өзі бағалау мен басқаларды бағалауға әсер ететін өзін-өзі тану эмоциясы. Ұят ерлерге карағанда әйелдерде жиі кездеседі. Бұл ішінара әйелдерге қойылатын әлеуметтік және мәдени стандарттарға байланысты, егер бұл стандарттар орындалмаса, әйелдердің өзін-өзі теріс бағалауын тудырады. Ұят депрессия, мазасыздық, тәуелділік сияқты психикалық денсаулық диагноздарында көрінеді. Бұл мақалада әйелдердегі ұят эмоциясының психологиялық ерекшеліктері, ұятты сезінудің гендерлік субъективті сипаттамалары және қазіргі кездегі әйелдердегі ұят мәселесі қарастырылады.

Кілтті сөздер: ұят, әйелдер, эмоция, өзін-өзі тану, өзін-өзі бағалау, мазасыздық, психикалық денсаулық.

Ұят эмоциясы адамдардың моральдық қалыптасуына тікелей әсер етеді, сондықтан қазіргі заманда, өмірде өз орнын табуға, өзін-өзі анықтауға және өзін-өзі жүзеге асыруға қабілетті белсенді шығармашылық тұлғаны қалыптастыруға қойылатын талаптардың артуына байланысты ұят эмоциясын зерттеу өте маңызды. Психологияда ұят әдетте, эмоциялар мен сезімдердің жалпы теориясы аясында (Ю.И. Сидоренко, Г. Х. Шингаров, П. М. Джейкобсон), моральдық даму және тәрбие теориясында (В. А. Малахов, С. Г. Джейкобсон, В. Г. Шур), әлеуметтік бейімделуді зерттеу аясында (А. П. Растигеев), өзін-өзі тану мен өзін-өзі бағалауды зерттеу контекстінде (И. С. Кон, С. Р. Пантелеев, И. Н. Семенов, В. В. Столин) қарастырылады. Ұятты зерттеудің жалпыадамзаттық мағынада маңыздылығын атап өткен жөн, өйткені бұл адамның әлеуметтенуі мен бала тәрбиесінде де, нарциссистік бұзылулардың психотерапиясы сияқты жоғары спецификалық салаларда да өте маңызды құрал [1].

Ұят өзін-өзі теріс бағалаумен бірге күшті эмоция ретінде сипатталады. Бұл өзін-өзі теріс бағалау әлеуметтік немесе топтық норманың бұзылуына жауап болып табылады. Егер

адам өзі немесе әлеуметтік нормалар белгілеген белгілі бір үміттерге сәйкес келмесе, бұл ұят сезімін тудыруы мүмкін. Адам ұятты сезінгенде өз тәжірибелерінде жеткіліксіздік, пайдасыздық және жалғыздық сезімін сезінеді. Ұят сана мен сәйкестікте басты орын алады және өзін-өзі басқаруды төмендетеді [2].

Психологиялық сөздіктерде ұят «дұрыс емес немесе ақымақ мінез-құлық туралы хабардар болудан туындаған қорлау немесе азап сезімі» ретінде анықталады. Ұят - бұл адамның жалпы сезімі мен эмоциясы, бірақ адамдар ұят сезімін қалаусыз деп түсінеді және ұят сезімін болдырмау немесе одан аулақ болуға тырысады [3]. Ұят сонымен қатар қарым-қатынасқа лайық емес сезіну және басқамен байланыс орнатуға деген ұмтылыс туралы хабардар болу ретінде сипатталады [4].

Зигмунд Фрейд ұятты айыптаушы ойлармен, келе жатқан зиян сезімімен және экспозиция сезімімен байланысты ауыр әсер ретінде қарастырды. Ол ұятты белгілі бір тілектерді көрсетуге қарсы реактивті сезім ретінде көрсетеді [2].

Ұятты сезінудің гендерлік ерекшеліктеріне байланысты еңбектерде әйелдерден күтілетін мәдени, әлеуметтік нормалар мен қарым-қатынастарға байланысты ұятты әр түрлі сезінеді деп тұжырымдалады. Әйелдер өздерінің теріс бағалауларына байланысты қатты ұят сезімін сезінуі мүмкін. Н. Лутвак и Дж. Р. Феррари зерттеулері бойынша ер адамдар еркектерге тағайындалған перфекционизмнің ауқымына байланысты ұяттан гөрі кінәні жиі сезінеді. Ал әйелдер теріс өзін-өзі бағалауды тудыратын перфекционизмнің әлеуметтік белгіленген стандарттарынан туындайтын ұятты сипаттайды [5].

Джудит Джордан әйелдердің еркектерге қарағанда ұятқа қалуының үш негізгі себебі бар деп тұжырымдайды:

- біріншіден, патриархат қауымдарда әйелдерді төмендетуге және олардың шындықтарын өшіруге белсенді болуы;
- екіншіден, әйелдер байланыс орнатқысы келетінін ашық айтады және байланыстың бұзылуына күшті эмоционалдық реакция көрсетеді. Мысалы, ажырасу кезінде әйелдер ұят эмоциясын жиі сезінеді;
- үшіншіден, әйелдер өздерінің тұлғааралық қарым-қатынастарында басқа адамдарды сәтсіздікке ұшыратқандай сезінеді. Осыған сүйене отырып, әйелдер өздерінің "қателескенін" кеңінен түсінуге бейім болуы мүмкін. Содан кейін ұят әйелдің өзіне деген құрметтің жоғалуына және оның өміріндегі кез-келген қажеттіліктерді немесе тілектерді жүзеге асыра алмауына айналуы мүмкін [4].

Брен Браун әйелдер ұят сезімімен ең көп күресетін он екі санатты анықтады. Оларға мыналар жатады: дене бітімі мен бейнесі, ана болу, отбасы, бала тәрбиесі, ақша мен жұмыс, психикалық және физикалық денсаулық, жыныстық қатынас, қартаю, дін, стереотиптер мен әлеуметтік бағдарлар, мәлімдемелер және жарақат алу тәжірибесі. Бұл ұят көздеріне әр салаға тән жағымсыз сәйкестіктер жатады [6].

Гендерлік рөлдер адамның кінәні немесе ұятты сезінуіне әсер етуі мүмкін және уақыт өте келе белгілі бір ынталандыруларға әдеттегі реакция ретінде дамиды. Ұят тәжірибесі гендерлік рөлдің стереотиптік нормаларының болжамды бұзылуын көрсетуі мүмкін. Бенетти-Маккуид пен Бурсик 104 бакалавриат студенттеріне зерттеу жүргізіп, кінә мен ұятқа реакциялар гендерлік өзін-өзі бейнелеудің функциясы екенін өлшеуге тырысты. Бакалавриат студенттері жыныстық рөлдер сауалнамасын, өзін-өзі тану аффект сынағын (TOSCA) және кінә мен ұяттың реакциялары мен тәжірибелерін бағалау үшін кінә мен ұят виньеткаларын орындады. Бенетти-Маккуид және Бурсик әйелдердің ерлерге қарағанда кінә мен ұятқа бейімділігі жоғары екенін хабарлады. Бұл зерттеу ұят пен кінә тәжірибесіндегі гендерлік айырмашылықтарға қатысты басқа зерттеулердің нәтижелерін растайды [7].

Эфтим, Кенни және Махалик гендерлік рөлдік стрессті және оның ұят, кінә және сырттай байланысын зерттеу үшін 207 колледж студентінің зерттеу жүргізді. Зерттеу нәтижесі бойынша әйелдер үшін ұят сезімі әйелдердің гендерлік рөліне сәйкес келетін басым реакция екенін анықтады. Бұл зерттеулер әйелдердің стереотиптік гендерлік рөлдері ұят

сезімін тудырды және осылайша ұятты оқиғаларға жауап ретінде мүмкін болатын дұрыс емес күресу стратегиясын көрсетеді деп болжайды [8].

Ұяттың анықтамасын түсінуде гендерлік ерекшеліктер бойынша Е. В. Короткованың жүргізген зерттеуінде: экспериментке қатысқан зерттелінушілердің ішінде ер адамдар ұятты сезім ретінде анықтайды (33,2 %); 4,4 %-ы - эмоция ретінде; ал 17,0%-ы - ы ұятты толымсыздық кешені немесе кемшілік ретінде қарастырған. Ал әйелдер ерлерге қарағанда ұятты эмоционалды саламен байланыстырған. Нақтырақ айтқанда, әйелдердің 50,2 % - ы ұятты сезім деп санаған; 3,3% -ы эмоция; ал қалған 5,3% - ы ұятты ішкі уайым ретінде анықтаған; 10,6% - жағдай ретінде; ал 2,0%-ы – ұятты ыңғайсыздық ретінде көрсеткен [9].

В.В.Панютина жүргізген эксперименталдық зерттеулер бойынша, жас кезінде әйелдер ұятты сезінуге (зерттелінушілердің 60%-ы) көбірек бейім, бұл әйелдердің өзін-өзі сынауға бейімділігіне және олардың мансап пен отбасы арасындағы қақтығыстың өткір тәжірибесіне байланысты болуы мүмкін. Автор ұяттың мұндай жоғары көрсеткіштерін әйелдерде отбасылық және отбасылық емес рөлдерді біріктірген кезде бірқатар қақтығыстар мен алаңдаушылықтар негізінен туындайды деп түсіндіреді: әйелдер балаларға эмоционалды зиян келтіргені үшін кінә мен ұятты сезінеді, оларды басқа адамдарға тәрбиелеуге сеніп тапсыруға мәжбүр болады, өздерінің кәсіби өмірі балаларға беретін уақыт пен энергиямен қысқарады, олардың некелері осының бәрінен зардап шегеді, олардың эмоционалды және физикалық ресурстары шегіне жетеді [10].

Хелен Льюис зерттеуі бойынша әйелдер ер адамдарға қарағанда ұят сезімін жиі сезінеді, сондықтан депрессия мен истерияға көбірек бейім болады деп тұжырымдады. Льюистің айтуы бойынша, ер адамдарда ұят әсіресе кәсіптік тапсырмаларды шешуде және жыныстық қатынасқа байланысты сәтсіздіктерге байланысты туындаса, ал әйел адамдарда физикалық тартымдылық мәселелері және қарым-қатынастағы сәтсіздіктерде пайда болады [3].

Ұяттың адамдардың қалыптасқан құндылық бағдарларына, жеке ерекшеліктеріне, өзге адамдардың пікірлеріне, бағалауларына сезімталдыққа байланысты әртүрлі шегі немесе шекарасы болады. Мысалы, Е. П. Ильиннің пікірі бойынша, жыныстық дискриминация бар дәстүрлі қоғамдарда тәрбиеленетін әйелдерде ұятты сезінуге бейімділік ерлерге қарағанда жиі кездеседі. Л.Ш. Мұстафинаның (2012) жүргізген зерттеу мәліметтері бойынша, қыздар үшін ар-ождан және ұят ұғымдары ұлдарға қарағанда маңызды саналады екен [9].

С. Больман зерттеуі бойынша ұят жағдайларына жиі ұшыраған немесе тым қарқынды ұятты жиі сезінген кейбір әйелдер үнемі ұятқа ұшырауы мүмкін екенін анықтады. Автор оны «созылмалы ұят» деп атады. Созылмалы ұят адамның өзін-өзі реттеуіне теріс әсер етеді, оның өзін-өзі реттеу функциясын, жалпы өзіне деген қарым-қатынас деңгейін төмендетеді. Бұл созылмалы ұятқа ұшыраған адам ұяттың тым жоғары деңгейінен ауырсынудың алдын алу үшін қорғаныс механизмдерін қолдануға бейім болғандығымен түсіндіріледі [11].

Қазіргі кезеңдегі әйелдердегі ұят мәселесіне келетін болсақ, психикалық денсаулықтың түрлі санаттары бойынша, отбасындағы зорлық-зомбылық, ажырасу, қоғамдағы қалыптасқан стереотиптерге байланысты әйелдер арасында ұятты сезінуге бейімділік артуда. Мысалы, дене имиджі бұзылған және өзін заманауи стандарттарға сай ұстауға тырысатын әйелдерде мазасыздық пен ұят сезімін жоғары болады. Профессор Томас Фукс былай деп түсіндіреді: «ұятқа ұшыраған адам өзін сырттан қабылдауы екі еселенеді. Ол айналасындағылардың көзімен өзінің бейнелі болмысына қарайды. Бұл бізді айнаның біз үшін ақпарат көзіне айналуына әкеледі, басқалар бізді қалай қабылдайды?».

Біз үнемі басқалардың көзқарасында екенімізді сезіну рефлексия мен осалдық сезімдерінің күшеюіне әкелуі мүмкін, әсіресе біз басқалардың көзқарасын мүлдем басқара алмайтындығымызға және олардың не ойлайтыны немесе не сезінетіні туралы шынайы білімге ие болмауымызға байланысты.

Отбасында зорлық-зомбылық көрген әйелдерге Зубрицкая А. С. жүргізілген зерттеуінде сәтсіздіктер саласындағы интернационалдылық шкаласы бойынша зорлық - зомбылыққа ұшыраған әйелдердің 81%-ы бақылаудың ішкі локусына ие, яғни бұл әртүрлі

сәтсіздіктер, қиындықтар, азаптар үшін өздерін төмендетуге, кінәлауға бейімділіктен көрінеді. Автордың пайымдауы бойынша, әйелдердің зорлық – зомбылық төзуіне себептердің бірі бұл – ұят екендігін көрсетеді. Бұл шкала бойынша тұрмыстық зорлық – зомбылыққа ұшырамаған әйелдердің көрсеткіші 6,4% - дан төмен болды [12].

Әйелдердегі ұят құрылымын анықтауда эмоцияларға, ойларға және мінез-құлыққа баса назар аударылады. Әлеуметтік компонент әйелдердің қарым-қатынаспен тығыз байланысты тұлғааралық контексте ұятты қалай сезінетінін білдіреді. Мәдени компонент мәдени күтулердің басым рөлін және ұят пен мәдени күтулердің нақты немесе ойдан шығарылған сәйкессіздігі арасындағы байланысты көрсетеді. Сондай-ақ, ұят әйелдерде кез-келген әмбебап ұят триггерлерінен туындамайды. Ұятқа әкелетін сценарийлер, тәжірибелер мен үміттер әйелдердің қарым-қатынасы және түрлі мәдениеттер сияқты жеке және әртүрлі болып көрінеді.

Сонымен, әйелдердегі ұят эмоциясының психологиялық ерекшеліктерін теориялық зерттеу нәтижесінде келесідей қорытындылар жасауға болады:

- Әйелдердегі ұятты жиі сезінуі күтілетін мәдени, әлеуметтік нормалар мен қарым-қатынастарға байланысты.
- Әйелдердегі ұят триггерлері: дене бітімі мен бейнесі, ана болу, отбасы, бала тәрбиесі, ақша мен жұмыс, психикалық және физикалық денсаулық, жыныстық қатынас, картаю, дін, стереотиптер мен әлеуметтік бағдарлар, мәлімдемелер және жарақат алу тәжірибесі.
- Әйелдердің стереотиптік гендерлік рөлдері ұят сезіміне бейімділіктің негізгі себептерінің бірі болып табылады және осылайша әйелдерде ұят оқиғаларға жауап ретінде мүмкін болатын копинг стратегиясынан көрінеді.
- Ұят жағдайларына жиі ұшыраған немесе тым қарқынды ұятты жиі сезінген әйелдерде «созылмалы ұят» қалыптасады. Созылмалы ұят адамның өзін-өзі басқаруға теріс әсер етеді, оның өзін-өзі реттеу функциясын, жалпы өзіне деген қарым-қатынас деңгейін төмендетеді.
- Қазіргі кезеңдегі әйелдердегі ұят мәселесіне байланысты отбасындағы зорлық-зомбылық, ажырасу, қоғамдағы қалыптасқан стереотиптерге байланысты әйелдер арасында ұятты сезінуге бейімділік артуда.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Демидова Т.А. Феномен стыда в гештальт подходе // Таврический журнал психиатрии. 2013. №3 (64).
2. Hahn, W.K (2009). Shame. In W. O'Donohue and S.R. Graybar (Eds.), Handbook of contemporary psychotherapy. California: SAGE Publications Inc.
3. Lewis M. Shame: The exposed self. - N. Y.: Free Press, 1992. - 467 б.
4. Jordan, J. (1997) Relational development: Therapeutic implications for empathy and shame. In J. Jordan (Ed.), Women's growth in diversity: More writings from the stone center. New York: The Guilford Press.
5. Lutwak, N., & Ferrari, J.R. (1996). Moral affect and cognitive processes differentiating shame from guilt among men and women. Personality and Individual Differences, 21(6). doi: 10.1016/s0191-8869(96)00135-3
6. Brown, B. (2008). I thought it was just me (but it isn't): Making the journey from “what will people think?” to “I am enough.” New York: Gotham
7. Benetti-McQuid, J., & Bursik, K. (2005). Individual differences in experiences of and responses to guilt and shame: Examining the lenses of gender and gender role. Sex roles. 53(1/2).
8. Efthim, P.W., Kenny, M.E., & Mahalik, J.R. (2001). Gender role stress in relation to shame, guilt and externalization. Journal of Counseling and Development, 79(4).
9. Ильин Е.П. Психология совести: вина, стыд, раскаяние. – СПб.: Питер, 2016. – 288 б.
10. Панютина, В. В. Гендерные особенности проявления чувств вины и стыда в различные возрастные периоды / В. В. Панютина // Психологический Vademecum. Метатеория:

социокультурно-контекстуальная интердетерминация диалогизма : сборник научных статей. – Витебск : ВГУ имени П. М. Машерова, 2022. – С. 263-267.

11. Bolman Svitlana PSYCHOLOGICAL ASPECTS OF THE SELF-ATTITUDE PROFILE OF A PERSON DEPENDING ON THE LEVEL OF MANIFESTATION OF A SENSE OF SHAME // PSYCHOLOGICAL JOURNAL 9(5): P. 20-31.

12. Зубрицкая А. С. Особенности психологической помощи женщинам, пострадавшим от домашнего насилия // Вестник ТГЭУ. 2009. №3. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-psiologicheskoy-pomoschi-zhenschinam-postradavshim-ot-domashnego-nasiliya>

ӘОЖ 316.6

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДА ТАНЫМ ПРОЦЕСТЕРІНІҢ АЛАТЫН РӨЛІ

Уразова Жанаргул Уразкызы

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, педагогика және психология мамандығының 2-курс магистранты Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – PhD, Аманова А.К.

Ойлаудың дамуы ерте жастан басталады. Туған кезде нәресте ойлау қабілетіне ие емес, бірақ бір жылға қарай ойлау процестерінің басталуы қалыптасады [1]. Ойлауды дамыту үшін білім, тәжірибе, есте сақтау қажет. Даму процесінде бала қоршаған әлемді тану арқылы қажетті компоненттерді жинақтайды және ол қарапайым ойлауды көрсете бастайды [2].

Бастауыш мектеп жасын балалық шақтың шыңы деп атайды. Бала көптеген балалық қасиеттерді сақтайды-жеңілдік, аңғалдық, ересектерге төменнен жоғары қарау. Бірақ ол қазірдің өзінде мінез-құлқындағы балалардың жеделдігін жоғалта бастайды, оның ойлауының басқа логикасы пайда болады.

Бұл жаста өмір салты мен стилі өзгереді: жаңа талаптар, оқушының жаңа әлеуметтік рөлі, іс-әрекеттің түбегейлі жаңа түрі-оқу қызметі. Мектепте баланың қызығушылықтары, құндылықтары өзгереді, ол білім мен шеберлікті ғана емес, сонымен бірге белгілі бір әлеуметтік мәртебеге ие болады. Бастауыш мектеп жасындағы әлеуметтік жағдайды сипаттап өтетін болсақ [3].

1. Ілімнің әлеуметтік мәні айқын көрінеді (кішкентай оқушылардың бағаларға қатынасы).

2. Жетістікке жету мотивациясы басым болады.

3. Күн тәртібі өзгереді.

4. Жаңа ішкі ұстаным нығаяды.

5. Баланың айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жүйесі өзгереді.

Бастауыш мектеп жасындағы басым функция ойлау болып табылады.

Осының арқасында, бір жағынан, ойлау процестері қарқынды дамып, қайта құрылады, екінші жағынан, қалған психикалық функциялардың дамуы интеллектке байланысты [8, с. 380]. Олардың кейбірін қарастырып өтетін болсақ.

Қабылдау-бастауыш мектеп жасының басында жеткіліксіз дифференциацияланған. Осыған байланысты бала кейде е ұқсас әріптер мен сандарды шатастырады. Ол нысандар мен сызбаларды мақсатты түрде қарастыра алатынына қарамастан, сонымен бірге олар мектепке дейінгі жастағы сияқты, ең жарқын қасиеттер, негізінен, түсі, пішіні және өлшемге ерекше көңіл аударады. Оқушы объектілердің сапасын неғұрлым нақты талдауы үшін мұғалім бақылау бойынша арнайы жұмыс жүргізуі керек. Дамып келе жатқан интеллект қабылданған элементтер арасында байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Мұны балалар картинаны сипаттаған кезде оңай байқауға болады [4].